Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасы атынан

2025 жылғы 9 желтоқсан Іс № 3115-25-00-2/2591 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.К. Ажакаева,
сот отырысының хатшысы Ж. Әсемнің
қатысуымен ашық сот отырысында Whats App мессенджері арқылы азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Қарақоңыз ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Ажарлы ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Н. Есенкулова
талап қоюшы өкілі А.Р. Қызыр

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 20 маусымда «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Қарақоңыз ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ-і мен «Ажарлы ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігінің арасында мүгедектігі бар адамдарға арналған автокөлік құралдарынан басқа, автокөлік құралдарын, жүйелерін, тораптарын, агрегаттарын жөндеу жұмыстарын атқаруға жалпы сомасы 999 999 теңгеге № 96 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған (бұдан әрі-Шарт).

Шарттың №1 қосымшасына сай тауардың жеткізу мерзімі: Шарт жасалған сәттен бастап 2025 жылғы 30 қарашаға дейін.

Алайда, жауапкер жұмыстарды Шартта көрсетілген мерзімде орындамады.

2025 жылғы 15 қарашада талап қоюшы Шартты біржақты бұзған.

Талап қоюшы Шартты орындамауына байланысты, жауапкерді жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланған, алайда сотпен байланысқа шықпады.

Сот жауапкердің бұл әрекетін дәлелсіз деп танып, істі Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4- тармағына сай қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Бірінші талабы бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

АК-нің 360-бабына сәйкес егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі.

Жауапкермен Шарт бойынша міндеттемені тиісті түрде орындаудың мүмкін еместігі туралы сотқа дәлелдер ұсынылмады.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ЗРК «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағының 3), 4) тармақшаларына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілер кіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сондықтан, жауапкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады.

Екінші талабы бойынша

Шарттың 8.2 тармағына сай жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн шарттың жалпы орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл ұстайды.

Сот шарт бойынша талап қоюшымен 2 күнге мерзімге 1 999, 98 теңгеге (999 999*0.1%*2) жүргізілген тұрақсыздық айыбын есебін дұрыс деп санап, қабылдайды.

Сондықтан бұл талап қанағаттандыруға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 17.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2026, судья Ажакаева Г. К., 20.01.2026

3115-25-3-1/2790

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 2 026 теңге мемлекеттік баж өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Қарақоңыз ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Ажарлы ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Ажарлы ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Ажарлы ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігінен республикалық бюджетке 2 000 (екі мың) теңге тұрақсыздық айыбын өндірілсін.

«Ажарлы ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігінен мемлекет пайдасына 2 026 (екі мың жиырма алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ажакаева Г.К.**

Шешім түпкілікті нысанда 2025 жылғы 17 желтоқсанда дайындалған.

Судья Ажакаева Г.К.

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 17.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2026, судья Ажакаева Г. К., 20.01.2026

3115-25-3-1/2790

Құжатқа қол қойылған: Ажакаева Г. К., 17.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2026, судья Ажакаева Г. К., 20.01.2026

3115-25-3-1/2790